

Қарағанды облысының білім басқармасы  
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы

**«Қазақстан тарихы» пәні бойынша**  
техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру  
ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне  
мониторинг жүргізу жөніндегі  
**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Қарағанды 2022 жыл

**Әзірлеушілер:**

1. Исатаев Дархан Касарович, «Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» КМҚК тарих пәні оқытушысы;
2. Бектемирова Айсеным Айткеновна, «Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы техникалық- колледжі» КМҚК тарих пәні оқытушысы

**Үйлестірушілер:**

1. Мухамедьярова Айгуль Зейнулаевна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері

## МАЗМҰНЫ

- 1 Түсіндірме жазба
- 2 Тест мазмұны
- 3 Тапсырма мазмұнының сипаттамасы
- 4 Тест тапсырмаларының бағалануы
- 5 Тест тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт
- 6 1 нұсқа
- 7 2 нұсқа
- 8 3 нұсқа
- 9 4 нұсқа
- 10 5 нұсқа
- 11 Жауап кілті
- 12 Әдебиеттер тізімі

## Түсіндірме жазба

Тест жинағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және "Қазақстан тарихы» пәнінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде қаралған және мақұлданған (хаттама №1 «15» шілде 2020 жыл) үлгілік оқу бағдарламасына, сәйкес құрастырылған. Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес әзірленген.

**Оқу пәнінің мақсаты** – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

### **Оқу пәнінің міндеттері:**

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білімалушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен ролі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

## Тест мақсаты

2-курс студенттерінің «Қазақстан тарихы» пәнін меңгеру деңгейлері мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін мониторингілеу.

**Тест құрылымы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық

деңгейде - 30%, орташа деңгейде - 50%, жоғарғы деңгейде - 20%.

**Тест екі бөлімнен тұрады.** Тапсырмалардың жалпы саны - 15.

Бірінші бөлімде берілетін контекст саны - 2. Контекст бойынша берілетін тест тапсырмасы - 5. Тест тапсырмасының формасы - бір дұрыс жауапты.

Екінші бөлім бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасынан тұрады.

## Тест мазмұны

№	Бөлімдер мен тақырыптар атауы
<b>I Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері</b>	
<b>1.1 Бөлімше. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. «Ұлы Дала» өркениеті</b>	
1.	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы Орталық Азияда өркениеттердің пайда болу факторлары Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары
2.	«Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті
3.	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі
<b>II Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер</b>	
<b>2.1 Бөлімше. Қазақ халқының шығу тегі . Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы</b>	
1	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер. Мәдени генетикалық код.
2	Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері
<b>III Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан .</b>	
<b>3.1 Бөлімше. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары</b>	
1	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы
2	Түркі империясы – көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі.
3	Түрік империясының мұрагерлері
4.	Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғыс ханның дүниежүзілік тарихтағы рөлі.
<b>3.3 Бөлімше. Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет</b>	
1	Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі. Қазақ хандығының құрылуы - тарихи үдерістердің заңды нәтижесі.

2	Қазақ хандарының Қазақ хандығын құру мен нығайтудағы рөлі
3	Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары. Қазақ жерін қорғаудағы ата-бабалар рөлі
<b>3.4 Бөлімше. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы</b>	
1	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы ұлт азаттық қозғалыс. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақстанда қоғамдық саяси ойдың дамуы. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі.
2	Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Мемлекеттік стратегиялар және Қазақстан Республикасының даму бағдарламалары.
<b>IV Бөлім. Мәдениеттің дамуы</b>	
<b>4.1 Бөлімше. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы</b>	
1	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері . Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы . Тарихи және мәдени ескерткіштер. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы
<b>4.2 Бөлімше. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті . Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет</b>	
1	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы
<b>V Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері</b>	
<b>5.1 Бөлімше. Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі</b>	
1	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы. Қолөнер мен кәсіптер
<b>5.2 Бөлімше. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері</b>	
1	XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы Экономикалық және мәдени қарым - қатынастың дамуы мен өзара әсері.
<b>VI Бөлім. Саяси-құқықтық процестер</b>	
<b>6.1 Бөлімше. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы</b>	
1	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы) . Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы
<b>6.2 Бөлімше. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты</b>	
1	Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі Қазақстанның саяси әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.
<b>VII Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</b>	
<b>7.1 Бөлімше. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы</b>	
1	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы
2	"Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары
<b>7.2 Бөлімше. «Алаш» –қоғамдық ой және ұлттық идея. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз</b>	
1	«Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері «Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси

	көзқарастары «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары
<b>VIII Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы</b>	
	<b>8.1 Бөлімше. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы</b>
1	Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы
5.	<b>8.2 Бөлімше. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы . Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі</b>
6.	XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылым. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы. Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы

## Тест тапсырмаларының бағалануы

Тест бөлімдері	Тест тапсырмаларының формасы	Тест тапсырмаларының саны	Максималды бастапқы балл	
			Бір тест тапсырмасы үшін	Жалпы тест үшін
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	1	10
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
<b>Барлығы:</b>		15		20

## Тест тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Тест тапсырмасының орташа орындалу уақыты	Орындауға жұмсалатын жалпы уақыт
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	3	30
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
<b>Барлығы:</b>		15		40



# 1 НҰСҚА

## 1 бөлім

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын тест тапсырмалары*

Бүгінде Орталық Азия аталып отырған аймаққа қатысты КСРО кезінде «Қазақстан және Орта Азия» деген ұғым қолданылды. Қазақстан «Орта Азияға» енген жоқ, өйткені ол жеке экономикалық аймақ болды. Ресей империясы кезінде «Орта Азия» ұғымы Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы барлық далалы жерді қамтыды. Сондай-ақ оған Оңтүстік және Оңтүстік –Шығыс Қазақстан аумағы да қосылды. Орта Азия ұғымы Түркістан ұғымы мен қатар қолданылды. Сол себепті Ресей империясының Орта Азиядағы иеліктері Түркістан өлкесі деп аталды.

Сол тұста Қазақстан өлкесі Батыстағы Орал мен Торғай облыстары (1881 жылға дейін Орынбор генерал-губернаторлығына бөлінді, яғни «Түркістан өлкесіне» енебеді. «Дала генерал-губернаторлығы» атауының өзі әкімшілік бөлініс негізінде физикалық географиялық қағидат жатқанын көрсетеді.

*3.А Жандосова 10 сынып Қазақстан тарихы Алматы «Мектеп» 2019*

### **1. Ағылшын-америкалық география мен тарих ғылымында Орталық Азия**

- A. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан
- B. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан, Батыс Қытай (Синьцзян)
- C. Моңғолия мен Солтүстік-Батыс Қытай, Тибет таулы өлкесі кіреді. Шығыста Үлкен Хинган қыратына дейін созылады
- D. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Моңғолия, Солтүстік-Батыс Қытай, Солтүстік, Ауғанстан, Солтүстік-Шығыс Иран, Поволжье, Орал маңы, Оңтүстік Сібір
- E. Моңғолия мен Солтүстік-Батыс Қытай, Тибет таулы өлкесі қосылады

### **2. Александр фон Гумбольдт Орталық Азияны**

- A. Еуразияның «ішкі билік аудандары» деп атап, ондағы түбектермен ойпаттарды бөлек қарастырды
- B. ішкі ағынды өзендер алабымен анықтауды енгізді
- C. Каспий мен Арал теңізін қоспады, бұл теңіздерді әлемдік мұхитпен байланысқан ежелгі теңіздердің бір бөлігі деп санады
- D. Алтайдан Оңтүстікке және Памирден Шығысқа қарайғы (Қазақстанның шығысындағы Орталық Азия аймағын) аумақты атады
- E. Оңтүстік Батысындағы аймақ Орта Азия деп аталды.

### **3. Саяси-география тұрғысынан қарағанда, Орталық Азия шекарасына**

- A. 8 мемлекет кіреді
- B. 6 мемлекет кіреді

- C. 5 мемлекет кіреді
- D. 9 мемлекет кіреді
- E. 7 мемлекет кіреді

#### **4. Заманауи физикалық география мен тарих ғылымы бойынша Түркістан аумағы**

- A. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан
- B. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан, Батыс Қытай (Синьцзян)
- C. Моңғолия мен Солтүстік-Батыс Қытай, Тибет таулы өлкесі кіреді. Шығыста Үлкен Хинган қыратына дейін созылады
- D. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Моңғолия, Солтүстік-Батыс Қытай, Солтүстік, Ауғанстан, Солтүстік-Шығыс Иран, Поволжье, Орал маңы, Оңтүстік Сібір
- E. Ұғым кей жағдайда қолданылады

#### **5. Неміс, орыс, кенес, бірқатар ресейлік география және тарих ғылымында Орта Азия ұғымы**

- A. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан
- B. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан, Батыс Қытай (Синьцзян)
- C. Моңғолия мен Солтүстік-Батыс Қытай, Тибет таулы өлкесі кіреді. Шығыста Үлкен Хинган қыратына дейін созылады
- D. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Моңғолия, Солтүстік-Батыс Қытай, Солтүстік, Ауғанстан, Солтүстік-Шығыс Иран, Поволжье, Орал маңы, Оңтүстік Сібір
- E. Ұғым қолданылмайды

Алтайда, Дулығалы шоқының іргесінде, жатқа кіріптар болып, 100 жылдай кен қазып, темір өндірген Ашина түріктері 552 жылы төбелерінде әңгір-таяқ ойнатқан жужандарды талқандап, көшпелі дала билігіне таласты жаңа жұрт тарих есігін теуіп ашып, тайпалық көсемдері жабғу Бұмынды «Ел қаған» жариялады. Десе дегендей, намыс құрсағында булығып жетілген түріктердің шырқауы таңғаларлықтай болды. Бар-жоғы он-он бес жылдың аумағында шығысы Сарытеңіз, батысы Қаратеңіз, түстігі Хуанхэ, Әмудария, терістігі Мұзды мұхитқа тірелген, алыс-жақынды қамыстай қалтыратқан ұлы державаға айналды. Ашина түріктерінің билігі үздік-создығымен 150 жылға созылды. Ал аталмыш әулет салып берген сара жол, өз ұрпағының жаны мен қанына құйып берген өршіл рухани қуат 700 жылға сарқылмай жетіп, моңғол дәуіріне иек артты. Осы жеті жүз жылда әр тілде сөйлейтін түрік қауымдарының тілі ортақтанды. «Сахарада қыр халықтарына жататын жомылдардың тілі бөлек бір тіл болып, олар түрікше де бек жақсы біледі. Қай, иабақу, татар, басмыл тайпалары да солай. Олардың әрбірінің өзіне тән тілі бар, сонымен бірге түрікшені де жақсы біледі» деп Махмуд Қашқари

тарихи шындықтың бір кезеңінен анық хабар береді

*М.Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы, 1997. Том I*

1. **IX ғасырдың бас кезінде оғыздар қарлұқтармен және қимақтармен одақтасып, печенегтерді талқандады. Осылайша Батыс Қазақстанда көшпелі**
  - A. Оғыздар мемлекеті пайда болды
  - B. Қарлұқ мемлекеті пайда болды
  - C. Қимақ мемлекеті пайда болды
  - D. Ұйғыр мемлекеті пайда болды
  - E. Қыпшақ мемлекеті пайда болды
  
2. **Қыпшақтар Еуропада осы атпен белгілі болды**
  - A. половецтер
  - B. қиман
  - C. қыпшақтар
  - D. түркілер
  - E. ұйғырлар
  
3. **Үшеліктің мұрагері Сақал (Согэ) Кучадағы Қытай билеушісінің әскерін талқандады**
  - A. 708 жылы
  - B. 709 жылы
  - C. 710 жылы
  - D. 707 жылы
  - E. 706 жылы
  
4. **Білге қағанның мұрагерлері оның саяси бағытын өзгертті. Сондықтан ашина руының аймақтардағы билеушілері орталық биліктен тәуелсіз бола бастады. Ашина әулеті өзінің өмір сүруін тоқтатты.**
  - A. 704 жылы
  - B. 708 жылы
  - C. 744 жылы
  - D. 740 жылы
  - E. 750 жылы
  
5. **Арабтың жергілікті билеушісі түргештерді талқандап, Бұхараға кірді**
  - A. 732 жылы
  - B. 737 жылы
  - C. 730 жылы
  - D. 734 жылы
  - E. 736 жылы

## 2 бөлім

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары*

**1. Андрон ескерткіштерінің басым бөлігі Оңтүстік Орал мен Қазақстанда кездеседі. Олар төменде көрсетілген мәдениеттерге негізделген.**

- A. Сыр мәдениеті
- B. Сынтастасты мәдениеті (б.з.б.XXI-XVIII ғ.ғ)
- C. Монғолияның батысы
- D. Петров мәдениеті (б.з.б.XVII-XVI ғ.ғ)
- E. Қырғызстан мәдениеті
- F. Алакөл мәдениеті (XVII-XIII ғ.ғ)
- G. Шығыс мәдениеті
- H. Федров мәдениеті (б.з.б.XV-XII ғ.ғ), Сарғарлық мәдениет (XIII-VIII ғ.ғ)

**2. Шыңғыс хан ұрпақтарына жатпайтын ру-тайпалық шонжарлар -**

- A. билер
- B. сұлтандар
- C. хандар
- D. батырлар
- E. байлар, ақсақалдар
- F. қожалар
- G. төрелер
- H. төлеңгіттер

**3. Шоқан Уалиханов кадет корпусында белгілі ғалым, саяси-қоғам қайраткері Г.Н.Потанинмен бірге оқып, достасып кетеді. Деректерде берілген аса көрнекті орыс және шетел ақындары мен жазушыларының шығармаларын зор сүйіспеншілікпен қызыға оқиды.**

- A. халық ағарту қызметкерлері – Я.П. Яковлев
- B. Қазан қалаласындағы Шығыстану ғылымен шұғылданған В.В. Григорьев
- C. А.Пушкин, М.Лермонтов
- D. Н.И. Ильшинский
- E. В.В. Катаринский
- F. К.Д. Ушинский
- G. Н.Гоголь. Ч.Диккенс
- H. Н.И.Ильминский орыс педагогы, миссионер

**4. Ұлты украиндық, қазақ отбасында тәрбиеленген Яков Латута:**

- A. Жақып Жоламанов деген есім берілді
- B. Орынборға жер аударылды
- C. Қазақ тілін, мұсылман дінін қабылдады
- D. Қазақ даласында алғашқы газеттерді шығарды
- E. Құрылыстарды салды
- F. 1916 жылы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты
- G. 87 мың украиндықтарды асырады

Н. Исламның негізін үйренбеді

**5. Моғолстан - XIV ғасырдың ортасында Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде құрылған мемлекет. Мемлекеттің негізін дулат тайпасы иеленген Маңлай-Сүбе аумағы құрады. Деректерден Моғолстан құрамына енген аумақтарды белгілеңіз.**

- A. Ұлытау ордасы
- B. Ферғана
- C. Жетісу
- D. Шығыс Түркістан (Қашқария)
- E. Хорезм
- F. Қырғызстан
- G. Сығанақ
- H. Отырар

## 2 НҮСҚА

### 1 бөлім

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын тест тапсырмалары*

XX ғасырдың бас кезінде жер мәселесі одан әрі шиеленісе түсті. Сондықтан да петицияларда бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Шегара шебіндегі ені 10 шақырымдық алқаптың және соңғы 20 жыл ішінде тартып алынған жерлердің бұрынғы заңды иелеріне қайтарып берілуі талап етілді. Қыстаулар мен жазғы жайлаулар өздерінің бұрынғы иелерінің қарауында қала беруі тиіс деп көрсетілді.

Петицияларда қазақтардың орман байлығын еркін пайдалану құқығына байланысты талаптар да қойылды. Сондай-ақ қазақтарға олардың көші-қон аймағындағы тұзды және балық аулайтын көлдерді қайтарып беру жөніндегі өтініштер де айтылды. Жергілікті халықтың атынан өзен-көлдерді жалға беру мүмкіндіктері ұсынылды. Түскен қаржы халыққа азық-түлік қорын жинақтауға тиіс деп көрсетілді.

*3.А Жандосова 10 сынып Қазақстан тарихы Алматы «Мектеп» 2019*

#### 1. Алаш партиясының баспасы

- A. «Қазақ» газеті
- B. «Серке» газеті
- C. «Айқап» газеті
- D. «Ульфат» газеті
- E. «Дала уәлаяты» газеті

#### 2. Петицияның бір нұсқасын Темірғали Нүрекенов орыс тіліне аударып, Ішкі істер министрлігінің атына жіберді. Петицияның бұл нұсқасы барынша толық еді.

- A. Ол 47 тармақтан тұратын
- B. Ол 45 тармақтан тұратын
- C. Ол 49 тармақтан тұратын
- D. Ол 42 тармақтан тұратын
- E. Ол 44 тармақтан тұратын

#### 3. Казань қаласындағы «Шарк» баспасынан әйгілі «Оян, қазақ!» өлең жинағы жарық көрді.

- A. 1910 жылы
- B. 1912 жылы
- C. 1917 жылы
- D. 1909 жылы
- E. 1920 жылы

#### 4. 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші жалпықазақ съезінде «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды

- A. Семейде
- B. Верныйда

- C. Түркістанда
- D. Оралда
- E. Орынборда

**5. «Реквизицияланған жұмысшылар» 1917 жылдың шілдесінде Верныйда құрған ұйым:**

- A. «Жас қазақ»
- B. «Қара жұмысшылар одағы»
- C. «солдаттардың орыс – мұсылман ұйымы»
- D. «қазақ жастарының революцияшыл одағы»
- E. «жас арбакештер одағы»

КСРО билік қатаң орталықтандырылған біртұтас мемлекет бола отырып, сөз жүзінде ғана федерация болды. Елдің ұлттық одақтас республикаларға бөлінуі олардың саяси дербестігін білдірген жоқ. Республикалар тек жергілікті шаруашылық мәселелерді ғана дербес шешті. Олардың басшыларын Орталық (Мәскеу) тағайындады және орындарынан алды. Биліктің орталық органдары республикалық органдардың шешімдерін жойып, әкімшілік шегараларын ауыстыра алды. Автономиялық республиканың құқықтық мәртебесі одақтас республикалардан әлдеқайда төмен болды. Автономиялық республика, тіпті Одақтан шығу құқығына да ие болған жоқ.

*3.А Жандосова 10 сынып Қазақстан тарихы Алматы «Мектеп» 2019*

**1. Қазақ КСР-ның астанасы Алматыға ауыстырылды**

- A. 1929 жылы
- B. 1930 жылы
- C. 1928 жылы
- D. 1927 жылы
- E. 1926 жылы

**2. Қазақстан партия ұйымы БК(б)П ОК-не бағындырылды. 1930 жылдардың бас кезінен бастап И.Сталиннің жеке билігі режимінің бекуімен партиялық аппарат пен қуғындау органдарына сүйенген ..**

- A. Тоталитарлық жүйе орнады
- B. Авторитарлық жүйе орнады
- C. Партиялық жүйе орнады
- D. Парламенттік жүйе орнады
- E. Аралас саяси жүйе

**3. КСРО-ның Конституциясы бойынша Қазақстанның мәртебесі одақтас республикаға - Қазақ КСР-не дейін көтерілді.**

- A. 1936 жыл
- B. 1978 жыл

- C. 1937 жыл
- D. 1953 жыл
- E. 1938 жыл

**4. ҚазАКСР-ның алғашқы астанасы**

- A. Алматы
- B. Ақмешіт
- C. Семей
- D. Орынбор
- E. Түркістан

**5. 1922 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы КСРО)**

**құрылды**

- A. Желтоқсанда
- B. Ақпанда
- C. Қыркүйекте
- D. Қазанда
- E. Тамызда

**2 бөлім**

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары*

**1.«Неолиттік төңкеріс» дегеніміз-**

- A. Қытайдың Батыс аймақтарды бағындыруға ұмтылуы сол өңірдегі халықтар жөнінде материалдар жинаудан басталды.
- B. табиғи дайын өнімді тұтынудан өндірістік шаруашылыққа, яғни терімшілік пен аңшылықтан егіншілік пен малшаруашылығына өткен тарихи қадам
- C. Далалық көшпелілер мен жартылай көшпелілерде бабаларға табыну ерекше орын алды.
- D. Ұлы Дала - үздіксіз байланыстар мен қатынастар аймағы, Азия мен Еуропаны байланыстырған ауқымды көлік дәлізі.
- E. б.з.б. VI-V мыңжылдықтан бұрын тас өңдеу техникасының жетілуі және тастан, ағаш пен сүйектен жасалған жаңа құралдардың пайда болуы
- F. отырықшылыққа көшу болды.
- G. Андрондық мәдениет түрінің орнына сақ-скиф деп аталатын мәдени-тарихи қауым келді.
- H. адамның табиғатқа тәуелділігін азайтып, алғаш рет оның жеткілікті түрде азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік берді.

**2. Рулар мен тайпалардың басшылары - билер ерекше құқықтарды иеленді. Би сөзі - түркілік бек сөзінің нұсқасы, моңғолдық нойон мен араб-парсылық әмірге сәйкес келеді. Билердің ықпалы орасан болды.**

**Билерге қол астындағы рулар ауқымында деректерде көрсетілген**



**биліктерге ие:**

- A. рубасы
- B. би
- C. сот
- D. ақсақал
- E. ауылбасы
- F. әкімшілік
- G. әскери билік
- H. сұлтандар

**3. 1227 жылы Шыңғыс хан қайтыс болған соң, оның жаулап алушылық соғыстарын мұрагерлері табысты жалғастырды.**

- A. Жолбарыс хан
- B. Үгедей хан
- C. Уәли хан
- D. Орыс хан
- E. Күйік хан
- F. Керей хан
- G. Ағыбай батыр
- H. Мөңке хан

**4. Төмендегі деректерде Алаш идеясының 6 ұстанымының негізгі 4 ұстанымы:**

- A. Алаш зиялылары «жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмесін. «Жерсіз Отан жоқ»
- B. «жер жекеменшікке берілсін»
- C. елдегі барлық игілік халыққа қызмет етуі керек
- D. ұлттық мемлекет құру еді.
- E. қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, діл, дін үстемдігі болуы керек
- F. экономиканың шикізаттық сипатына ие болу
- G. Дін істері мемлекеттен бөлінбеген
- H. ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық демократиялық мемлекет құру еді.

**5. Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылығы мен болған көтерілістердің және Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық соғыс жылдары:**

- A. 1837-1847 жж.
- B. 1773-1775 жж.
- C. 1917-1918 жж.
- D. 1836-1838 жж.
- E. 1820-1822 жж.
- F. 1822-1824 жж.
- G. 1941-1945 жж.
- H. 1783-1797 жж.

### 3 НҰСҚА

#### 1 бөлім

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын тест тапсырмалары*

Жошы ұлысының құрамынан Шығыс Дешті Қыпшақтың бөлінуі салдарынан қазақтардың этникалық және Қазақ хандығының мемлекеттік аумағы қалыптасты. Ақ Орда алғашқы қазақ мемлекеті болды. Моңғол мемлекеттерінің ыдырау дәуіріндегі үш мемлекеттің (Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы және Моғолстан) арасындағы оқиғалар сабақтастығы Қазақ хандығының құрылуына әкелді. Өзінің негізінде түркі-моңғол үлгісіндегі көшпелілер мемлекетінің белгілерін сақтай отырып, қазақ мемлекеті қалалық және отырықшы-егіншілік мәдениет орталықтарын иеленуге ұмтылды. Бір мемлекеттің құрамына климаты мен ландшафтысы әртүрлі аймақтарды біріктіру далалық тайпалардың көшіп-қону аймақтарының кеңеюіне және көшу бағыттарының өзгеруіне мүмкіндік жасады. Нәтижесінде жүздердің құрылуына әкелді. Қазақ хандығының құрылуы этникалық және саяси үдерістердің заңды нәтижесі болды.

*3.А Жандосова 10 сынып Қазақстан тарихы Алматы «Мектеп» 2019*

**1. Әбілхайыр ханның өлімінен кейін Жәнібек пен Керей бұрынғы Әбілхайыр хандығындағы билікті қайтарып алып, қазақ тайпаларының этникалық аумағын біріктірді.**

- A. 1468 жыл
- B. 1469 жыл
- C. 1470 жыл
- D. 1464 жыл
- E. 1474 жыл

**2. Тәуке ханның тұсындағы астана:**

- A. Сығанақ
- B. Түркістан
- C. Сайрам
- D. Сауран
- E. Суяб

**3. Бұрындық хан билеген жылдар:**

- A. 1481-1510 жж.
- B. 1482-1505 жж.
- C. 1480-1511 жж.
- D. 1482-1513 жж.
- E. 1483-1512 жж.

**4. 1598-1599 жылдары Бұхара хандығында саяси дағдарыс басталған кезде, Тәуекел хан ..**

- A. Ташкент, Ферғана мен Самарқандты алды және Бұхараға қарай жылжыды
- B. Орыс патшалығымен сауда қатынастарын орнату жүзеге асырылды.
- C. астанасы етіп Түркістанды таңдады
- D. өзінің қол астындағы тайпалармен Жетісудың оңтүстігіне қарай кетті.
- E. Сырдария бойындағы қалаларды, оның ішінде оңтүстіктегі ең шеткі Сайрамды қоса қайтаруына мүмкіндік берді.

**5. 1598 жылғы шайқаста екі жақтың билеушісі де қаза болып, екі хандық хансыз қалды, бұл хандықтар:**

- A) Моғолстан мен Өзбек хандығы
- B) Қазақ хандығы мен Өзбек хандығы
- C) Ташкент билеушісі мен Қазақ хандығы
- D) Шайбани хандығы мен Моғол хандығы
- E) Қазақ хандығы мен Бұхар хандығы

Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт- азаттық күресі қоғамның жалпы ұлттық сезіммен қамтылған барлық тобын біріктірді. Ол халықтық және партизандық соғыс, бүліктер мен көтерілістер, наразылық қозғалыстары, идеологиялық және саяси күрес түрінде көрініс тапты. Күрестің түпкі мақсаты мемлекеттік егемендік пен ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу болды.

Қазақтардың ұлт-азаттық күресінің бірнеше кезеңін бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең (XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы) - монархиялыққа, «жақсы патшаға» сену кезеңі және хан билігін қалпына келтіру үшін күрес уақыты. Даланы казактардың отарлауына байланысты жер мәселесінің шиеленісуі, жайылымдардың жетіспеушілігі, казактардың қазақ ауылдарына тонаушылық шапқыншылықтары - XVIII ғасырдың соңында қазақтардың көтеріліске ұласқан наразылығының негізгі себептері болды.

*3.А Жандосова10 сынып Қазақстан тарихы Алматы «Мектеп» 2019*

**1. Жоламан Тіленшіұлының көтерілісі казак бекіністерінің Жаңаелек шебінің құрылысынан және Арынғазы хан мен Кіші жүздің кейбір старшындарын орыс тұтқынында ұстап отырудан туындады**

- A. 1823 жылы
- B. 1824 жылы
- C. 1838 жылы
- D. 1832 жылы
- E. 1829 жылы

**2. 1836 жылы Исатай мен Махамбет өз туы астына**

- A. 2 мыңдай адамды жинады.
- B. 6 мыңдай адамды жинады.
- C. 8 мыңдай адамды жинады.
- D. 1 мыңдай адамды жинады.
- E. 3 мыңдай адамды жинады.

**3. 1786 жылы сәуірде хан Орынборға қашты. Уфаның жергілікті әкімі О.Игельстром Ұлы Даладағы хан билігін жоюға әрекеттенді. Мұның сәті түспегендіктен, тағы да орыс әкімшілігінің бекітуімен Ералы хан болды**

- A. Кенесары Қасымұлы көтерілісі
- B. Сырым Датұлы көтерілісі
- C. Исатай мен Махаммбет көтерілісі
- D. И. Пугачев көтерілісі
- E. Жоламан Тіленшіұлы көтерілісі

**4. Кенесары Қасымұлы хан болып сайланып**

- A. 1845 жылы
- B. 1842 жылы
- C. 1846 жылы
- D. 1854 жылы
- E. 1841 жылы

**5. Бөкей Ордасын қамтыған көтеріліс**

- A. Сырым Датұлы көтерілісі
- B. Кенесары Қасымұлы көтерілісі
- C. Исатай мен Махаммбет көтерілісі
- D. И. Пугачев көтерілісі
- E. Жоламан Тіленшіұлы көтерілісі

## **2 бөлім**

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары*

**1. Б.з.б.200 жылдары Хань әулетінің негізін қалаған Қытай императоры Гаоди ғұндарға қарсы жорыққа шығады. Алайда өзі қоршауға түсіп, амалсыздан ғұндармен бейбіт келісім жасап, олар Қытай ханшайымын Мөдеге беріп, императордың өмірін сақтап қалады. Бұл соғыс ғұндардың толық жеңісімен аяқталады және төменде берілген деректерде Ғұндардың көшпелі мемлекеті мен юэчжейліктер арасындағы соғыс болған мерзімі көрсетілген..**

- A. 4 ғасырға созылған
- B. 5 ғасырға созылған
- C. б.з.б.165 жылдары
- D. б.з. 200 жылдары
- E. Еуразия
- F. Шығыс Дешті Қыпшақ
- G. 165 жылдары
- H. Аймақ

**2. Хан сайлаудың басты шарттары**

- A. Малының көп болуы

- В. халықтың арасынан болуы
- С. Бидің тұқымынан шығуы
- Д. Шыңғыстың ұрпағы болуы
- Е. феодалдар тобынан шығуы
- Ғ. Бай бол
- Г. Әділ шешім қабылдай алу
- Н. хандыққа тек сұлтандар арасынан болуы

**3. Ғұн империясы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аумағында ғұндардың мұрагерлері - түркі тайпаларының мемлекеттілігі басталды. Олардың I мыңжылдықтың ортасында шоғырлануы Ұлы Далада көшпелілер империяларының - Түрік қағандықтарының пайда болуына әкелді:**

- А. Бірінші Түрік қағандығы (552-603 жж.)
- В. Қарахандар мемлекеті (942-1212)
- С. Оғыз қағандығы (IX ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басы)
- Д. Батыс Түрік қағандығы (603-704 жж.)
- Е. Ақ Орда
- Ғ. Алтын Орда
- Г. Шығыс Түрік (екінші Түрік) қағандығы (682-744 жж.)
- Н. Түргеш қағандығы (704-756 жж.)

**4. 1910 жылдары қазақ зиялы қауымының көзқарастарын білдірген алғашқы журналдар мен газеттер пайда болды. 1911-1915 жылдары М.Сералин шығарып тұрған журнал қазақ прозасының орнығуында үлкен рөл атқарады.**

- А. билер
- В. сұлтандар
- С. «Алаш»
- Д. «Айқап»
- Е. «Қазақ»
- Ғ. «Түркістан уалаятының газеті»
- Г. «Қызыл Қазақстан»

**5. XIX ғасырдың 40-60-жылдарындағы поэзияның жарқын өкілдері және «Зар заман» дәуірінің ақындары аталды.**

- А. Дулат Бабатайұлы
- В. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
- С. Мұса Шорманұлы
- Д. Шортанбай Қанайұлы
- Е. Қазтуған Сүйінішұлы
- Ғ. Абыл ақын Тілеуұлы «Ноғайлының қырық батыры» жырын сақтап, келер ұрпаққа жеткізушілердің бірі
- Г. Жанақ Сағындықұлы («Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырының ең таңдаулы нұсқасы осы Жанақ есімімен байланысты
- Н. Мұрат Мөңкеұлы

## 4 НҮСҚА

### 1 бөлім

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын тест тапсырмалары*

«Зар заман» дәуірінің ақындары ХІХ ғасырдың ортасына дейін елдің өткен еркін өмірін аңсап, ұлтты рухани құндылықтарынан ажырамауға шақырды, халықтың тағдырын мұң-зармен жырлады. Олар патшалық Ресейдің отаршылдық өктемдігіне, халықтың өз жерінде ауыр жағдайға түскеніне көнбеді. «Зар заман» ақындары елінің ертеңі үшін алаңдады, өткенді сағынышпен, аңсаумен еске алды. Болыс басшыларының парақорлығы, кейбір қазақ билерінің әділетсіздігі, қоғамда белең алған жала жабу, өсек айту т.б. сынға алынды. Бұл тығырықтан шығу жолын кейбір ақындар о дүниемен ғана салыстыруға барды. Ел басына түскен қасіретті ақырзаманмен теңеді. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында патша үкіметінің отарлау озбырлығы күшейді. Ұлт-азаттық көтерілістер басып-жаншылғаннан кейін халық, ертеңгі күніне сенімсіздікпен қарады.

#### 1. Зар заман дәуіріне жататын шығарма мен авторы сәйкесін тап

- A. «Заманның опасыз халіне айтқаны» - Мұрат Мөңкеұлы
- B. «Ақжайлау мен Сандықтас» - Дулат Бабатайұлы
- C. «Елім - ай» - Кедері Әбубәкір Шоқанұлы
- D. «Замана» - Нарманбет Орманбетұлы
- E. «Шал қайғысы» - Шортанбай Қанайұлы

#### 2. Мұрат Мөңкеұлы қай жерде дүниеге келгенін белгілеңіз.

- A. Атырау облысы
- B. Қостанай облысы
- C. Оңтүстік Қазақстан облысы
- D. Шығыс Қазақстан облысы
- E. Жамбыл облысы

#### 3. Мұрат Мөңкеұлының өлеңі

- A. «Әсемпаз болма әрнеге»
- B. «Анама хат»
- C. «Замана»
- D. «Үш қиян»
- E. «Сырым»

#### 4. Әдебиеттану ғылымына «зар заман ақындары» ұғымын алғаш қолданысқа енгізген

- A. М. Әуезов
- B. С. Сейфуллин
- C. А. Байтұрсынов
- D. Ы. Дүйсенбаев
- E. Х. Сүйіншәлиев

**5. Дулат Бабатайұлының туған жерін табыңыз**

- A. Семей облысы, Аягөз ауданы
- B. Семей облысы, Абай ауданы
- C. Атырау облысы, Махамбет ауданы
- D. Алматы облысы, Талғар ауданы
- E. Қызылорда облысы, Арал ауданы

КСРО ұлттық саясатындағы қайшылықтар, социалистік жоспарлы экономиканың экономикалық дәрменсіздігі Кеңестер Одағының дағдарысына және күйреуіне әкелді. Экономикадағы дағдарыс, сыртқы саясаттағы сәтсіздіктер, коммунистік идеология ықпалының шұғыл төмендеуі кеңестік жүйеге кері ықпалын тигізді. Оған халықтардың кеңес басшылығының орыстандыру саясатына наразылығы қосылды. Бұл саясат «жана тарихи қауымдастық» - кеңес халқының пайда болуын жариялаған 1977 жылғы Конституциядан көрініс тапты.

**1. КОКП ОК-нің Бас хатшысы М.С.Горбачевтің бастамасы бойынша жүргізілген «қайта құру» реформалары кеңес мемлекетін құтқара алмады**

- A. 1985 жылы
- B. 1991 жылы
- C. 1990 жылы
- D. 1995 жылы
- E. 1984 жылы

**2. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі**

- A. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдады
- B. КСРО халық депутаттарының I съезі өтті
- C. қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берді
- D. компартияның республика аумағындағы қызметі тоқтатылды
- E. Қазақ КСР Президенті қызметін белгіледі

**3. Ресей, Украина мен Беларусьтің арасындағы «Беловеж келісімі» нәтижесінде 1991 жылғы КСРО құру туралы келісімшарт жойылды**

- A. 10 желтоқсан 1991 жыл
- B. 28 тамыз 1991 жыл
- C. 8 желтоқсан 1991 жыл
- D. 24 сәуір 1990 жыл
- E. 25 қазан 1990 жыл

**4. 1989 жылы 22 қыркүйекте**

- A. Қазақ КСР Президенті қызметін белгіледі
- B. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдады
- C. КСРО халық депутаттарының I съезі өтті
- D. қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берді

Е. компартияның республика аумағындағы қызметі тоқтатылды

**5. 1987 жылы құрылған О. Сулейменов басқарған ұйым**

- А. «Невада-Семей» ядролық сынақтарға қарсы қозғалыс
- В. сталинизм қылмыстарын әшкерелеуші «Ме- мориал»
- С. сталинизм қылмыстарын әшкерелеуші «Әділет»
- Д. зиянды өндірістерді жабуды жақтаушылар, Арал мен Балқашты құтқару
- Е. «Желтоқсан» ұйымы

**2 бөлім**

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары*

**1. Аса дарынды ақындардың бірі Әбубәкір Кердері қазіргі Батыс Қазақстан облысында дүниеге келеді. Ол өз заманының оқыған, білімді азаматы ретінде төменде берілген қалалар маңындағы қазақ ауылдарында ұстаздық етіп, бала оқытады. Оның өлеңдер жинағы 1905 жылы Қазан қаласында басылып шықты.**

- А. Орынбор
- В. Орал
- С. Қазан
- Д. Торғай
- Е. Ақтөбе
- Ғ. Ор
- Г. Қарқаралы
- Н. Семей

**2. Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылығы мен болған көтерілістердің және Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық соғыс жылдары:**

- А. 1837-1847 жж.
- В. 1773-1775 жж.
- С. 1917-1918 жж.
- Д. 1836-1838 жж.
- Е. 1820-1822 жж.
- Ғ. 1822-1824 жж.
- Г. 1941-1945 жж.
- Н. 1783-1797 жж.

**3. Орта жүзге жататын рулар**

- А. Табын, тама
- В. Жалайыр, албан,
- С. Арғын, найман қыпшақ
- Д. суан, дулат
- Е. Шапырашты, ошақты
- Ғ. уақ, керей



- G. төре, төлеңгіт
- H. жағалбайлы, рамадан

**4. Орта ғасырлардағы Ұлы Даланың (Дунайдан Алтайға дейінгі аралық) атауы мұсылман жазба деректерінде және Қазақстан тарих ғылымында X-XVII ғасырларда Қара теңіз бен Каспий аралығы аталды**

- A. Батыс Дешті Қыпшақ
- B. Сырдария жазирасы
- C. Дешті Қыпшақ
- D. Қазақ даласы
- E. Еуразия
- F. Шығыс Дешті Қыпшақ
- G. сол қанат
- H. Аймақ

**5. Абай Құнанбайұлына қарсы қастандық жасалады. Үстінен айыптау арыздар жолданып, тіпті жала жабылады. Патша әкімшілігі ұлы ақынның ізіне түсіп, Семей полицмейстері үйіне тінту жасайды. Деректе көрсетілген айыптаудың түрлері:**

- A. «миссинер»
- B. «ағартушы»
- C. «ақ патшаның жауы»
- D. «бүлікшіл»
- E. «қоғамдық-саяси көзқарасының дұрыстығы»
- F. «ата-бабалардың әдет-ғұрпын, салт-жоралғысын бұзушы»
- G. «декабрист»
- H. «шығармашылығының өзектілігі»

## 5 НҰСҚА

### 1 бөлім

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын тест тапсырмалары*

Ақпан буржуазиялық революциясы патша өкіметін құлатып, қосөкімет орнатты - Уақытша үкімет пен жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңестері. Алайда екі қарсылас үкімет органдары билікті қатар бөлісіп отырмады. Саяси дағдарыс экономиканың шие-ленісуімен жалғасты. Ақыры осы құлдыраудың соңы елде орын алған келесі үлкен төңкеріс - қазан революциясы нәтижесінде Уақытша үкімет құлатылды да, билік дербес Кеңес өкіметінің қолына өтті. Қазақ даласының дәстүрлі малшаруашылығы социалистік құрылысқа көше бастады. Ресей империясының құрамындағы Қазақстан ендігі өмірін Кеңес өкіметінің құрамында жалғастыратын болды. Капитализмнен бас тартып социализм жолының таңдалуы ең алдымен кәсіпорындарды мемлекеттің меншігіне өткізу шараларынан басталды. Экономикалық жүйенің басты қағидасы - жоспарлы экономика болып бекітілді. Материалдық қорлар, барлық кәсіпорындар мемлекеттік меншік ретінде есептеліп, мемлекеттік билік тарапынан жоспарлау, басқару және бақылау назарға алынды. Қазақстан кәсіпорындары шикізаттық өнім ғана өндіру сипатында қала берді. Мұнай, газ, металл өңдеу, машина, станок, құрал жасау салалары бойынша кәсіпорындар мүлдем болған жоқ. Қазақстан жоғары дамыған өнеркәсіптік аудандарға шикізат қоры міндетін атқарып келді.

**1. Экономикалық қиындықтарды шешу үшін Кеңес өкіметі *аскери коммунизм саясатын* қабылдады.**

- A. 1919 жылы
- B. 1920 жылы
- C. 1922 жылы
- D. 1917 жылы
- E. 1918 жылы

**2. 1921 жылы большевиктер партиясының X съезінде**

- A. ұжымдастыру саясаты қабылданды
- B. индустрияландыру саясаты қабылданды
- C. жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) қабылданды
- D. тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты қабылданды
- E. әскери коммунистік саясаты қабылданды

**3. Сталин қайтыс болғаннан кейін билікке келген Н. Хрущев КСРО экономикасын ілгері дамытуда бірқатар реформалар жасауға әрекеттенді. Тарихта шартты түрде «Хрущев жылымығы» деп аталады**

- A. 1953-1964 жылдар
- B. 1954-1964 жылдар
- C. 1953-1966 жылдар

- D. 1955-1968 жылдар
- E. 1957-1970 жылдар

**4. Соғыстан кейінгі астық жетіспеушілігін жою үшін 1954 жылы наурыз айында КОКП ОК Пленумында**

- A. жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) қабылданды
- B. ұжымдастыру саясаты қабылданды
- C. индустрияландыру саясаты қабылданды
- D. тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты қабылданды
- E. әскери коммунистік саясаты қабылданды

**5. Индустрияландыру барысындағы ең ірі жоба**

- A. Түркістан-Сібір теміржолы
- B. Қарағанды-Жезқазған теміржолы
- C. Елек-Орал теміржолы
- D. Ақмола-Қарағанды теміржолы
- E. Рубцовск-Риддер теміржолы

Алтайда, Дулығалы шоқының іргесінде, жатқа кіріптар болып, 100 жылдай кен қазып, темір өндірген Ашина түріктері 552 жылы төбелерінде әңгір-таяқ ойнатқан жужандарды талқандап, көшпелі дала билігіне таласты жаңа жұрт тарих есігін теуіп ашып, тайпалық көсемдері жабғу Бұмынды «Ел қаған» жариялады. Десе дегендей, намыс құрсағында булығып жетілген түріктердің шырқауы таңғаларлықтай болды. Бар-жоғы он-он бес жылдың аумағында шығысы Сарытеңіз, батысы Қаратеңіз, түстігі Хуанхэ, Әмудария, терістігі Мұзды мұхитқа тірелген, алыс-жақынды қамыстай қалтыратқан ұлы державаға айналды. Ашина түріктерінің билігі үздік-создығымен 150 жылға созылды. Ал аталмыш әулет салып берген сара жол, өз ұрпағының жаны мен қанына құйып берген өршіл рухани қуат 700 жылға сарқылмай жетіп, моңғол дәуіріне иек артты. Осы жеті жүз жылда әр тілде сөйлейтін түрік қауымдарының тілі ортақтанды. «Сахарада қыр халықтарына жататын жомылдардың тілі бөлек бір тіл болып, олар түрікше де бек жақсы біледі. Қай, иабақу, татар, басмыл тайпалары да солай. Олардың әрбірінің өзіне тән тілі бар, сонымен бірге түрікшені де жақсы біледі» деп Махмуд Қашқари тарихи шындықтың бір кезеңінен анық хабар береді

*М.Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы, 1997. Том I*

**1. IX ғасырдың бас кезінде оғыздар қарлұқтармен және қимақтармен одақтасып, печенегтерді талқандады. Осылайша Батыс Қазақстанда көшпелі**

- A. Оғыздар мемлекеті пайда болды
- B. Қарлұқ мемлекеті пайда болды
- C. Қимақ мемлекеті пайда болды
- D. Ұйғыр мемлекеті пайда болды
- E. Қыпшақ мемлекеті пайда болды

**2. Қыпшақтар Еуропада осы атпен белгілі болды**

- A) қиман
- B) половецтер
- C) қыпшақтар
- D) түркілер
- E) ұйғырлар

**3. Үшеліктің мұрагері Сақал (Согэ) Кучадағы Қытай билеушісінің әскерін талқандады**

- A. 709 жылы
- B. 710 жылы
- C. 707 жылы
- D. 708 жылы
- E. 706 жылы

**4. Білге қағанның мұрагерлері оның саяси бағы- тын өзгертті. Сондықтан ашина руының аймақ- тардағы билеушілері орталық биліктен тәуелсіз бола бастады. Ашина әулеті өзінің өмір сүруін тоқтатты.**

- A. 744 жылы
- B. 704 жылы
- C. 708 жылы
- D. 740 жылы
- E. 750 жылы

**5. Арабтың жергілікті билеушісі түргештерді талқандап, Бұхараға кірді**

- A. 737 жылы
- B. 730 жылы
- C. 734 жылы
- D. 736 жылы
- E. 732 жылы

**2 бөлім**

*Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары*

**1. Сақтардың Тасмола мәдениеті**

- A. Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан аумағына таралды
- B. (б.з.б. VII—III ғғ.) Солтүстік және Орталық Қазақстан аумағына таралды
- C. Жерлеу құрылыстары мәйітті жерлейтін үлкен қорған мен оның мінген атын көметін жапсарлас шағын қорғаннан тұрды.
- D. Батыс-Қазақстанды, Еділ мен Жайық өздерінің аралығын мекендеген.
- E. Оңтүстік Қазақстан
- F. Шығыс Қазақстан
- G. «Мұртты» қорғандар мәдениеттің өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Н. VII-XII ғғ.

**2. Шежірешілер дегеніміз -...**

- A. ауызша ақпаратты есте сақтауға қабілетті
- B. қазба жұмыстарды жүргізеді
- C. өткен тарих туралы халық аңыздары мен әңгімелерін жинайды
- D. Егінді жинауға
- E. Жайылымды белгілейді
- F. ру мен тайпаның өз шығу тегі туралы білімді жинақтап, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.
- G. тайпа көсемі қызметін атқарады
- H. Әскерді басқарады

**3. 1897 жылы Қазақстанның алты облысындағы орыстардың саны 544 мың адамға жетті. Орыс халқының өлкедегі негізгі бөлігін қоныс аударып келген:**

- A. Қытайдың Батыс аймақтарды бағындыруға ұмтылуы сол өңірдегі халықтар жөнінде материалдар жинаудан басталды.
- B. шаруалар 40% құрады
- C. Діни секташылар құрады
- D. Тұтқындар 5% құрады
- E. казактар 33% құрады
- F. Жікшілдер 1% құрады
- G. Солдаттар 5% құрады
- H. мещандар 19% құрады

**4. Патша үкіметінің қазақ өлкесін отарлауының алғашқы жылдарында келген татарлар қазақ жерінде жүріп:**

- A. Христиандықты уағыздады
- B. Хан мен сұлтандардың хатшылық қызметін атқарды
- C. Ресей мен қазақ даласындағы сауда-саттықты нығайтты
- D. Батыстық үлгіде мектептер ашты
- E. Саудаға немқұрайлы қарады
- F. Ресей мен қазақ арасында делдал бола алмады
- G. Қазақтың алғашқы шығып тұрған газет-журналдарын қаржыландырды
- H. Орта Азиядағы діни орталықтарға өз ықпалдарын жүргізе алмады

**5. 1920 жылы тамызда Қазақ АКСР-і құрылды:**

- A. Астанасы Ақмола
- B. Орынбор қаласы астана болып бекітілді
- C. Құрамына Ташкент, Сырдария, Торғай, Орал, Маңғышылақ, Красноводск уездері, Каспий сырты облысы, Астрахан губерниясы мен Бөкей Ордасының бір бөліктері енді.
- D. Құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Маңғышылақ, Красноводск уездері, Каспий сырты облысы, Астрахан губерниясы мен Бөкей Ордасының бір бөліктері енді.

- Е. 1920 жылы қыркүйекте қазақ автономиясына Алтай өлкесінің Ресейлік бір бөлігі қосылды
- Ғ. 1920 жылы қыркүйекте қазақ автономиясына Орынбор губерниясының бір бөлігі қосылды.
- Г. Сырдария мен Жетісі Қазақ АКСР-іне қосылды
- Н. ТАКСР-сы таратылды

## Жауап кілті

1 нұсқа		2 нұсқа		3 нұсқа		4 нұсқа		5 нұсқа	
<b>1 мәтін</b>		<b>1 мәтін</b>		<b>1 мәтін</b>		<b>1 мәтін</b>		<b>1 мәтін</b>	
1	A	1	A	1	A	1	B	1	A
2	D	2	A	2	B	2	A	2	C
3	C	3	D	3	C	3	D	3	A
4	T	4	E	4	A	4	A	4	D
5	C	5	B	5	B	5	A	5	A
<b>2 мәтін</b>		<b>2 мәтін</b>		<b>2 мәтін</b>		<b>2 мәтін</b>		<b>2 мәтін</b>	
1	A	1	A	1	A	1	A	1	A
2	B	2	A	2	A	2	E	2	A
3	A	3	C	3	B	3	C	3	D
4	C	4	B	4	E	4	D	4	A
5	A	5	A	5	C	5	A	5	E
<b>2 БЛОК</b>		<b>2 БЛОК</b>		<b>2 БЛОК</b>		<b>2 БЛОК</b>		<b>2 БЛОК</b>	
1	B.D.F.H	1	B.E.H	1	A.C	1	B.E.F	1	B.C.G
2	A.C.D.E	2	C.F.G	2	D.H	2	A.D.H	2	A.C.F
3	C.G	3	B.E.H	3	A.D.G.H	3	C.F	3	B.E.H
4	A.C.F	4	A.C.E.H	4	D	4	A.C.F	4	B.C.G
5	C.D.F	5	A.D.H	5	A.D.H	5	C.D.F	5	B.D.F

## Әдебиеттер тізімі:

1. Қабылдинов З.Е., Сандыбаева А.Д., Лебаев Ф.Р. / Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған. – 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, - 2020.
2. Қабылдинов З.Е., Сандыбаева А.Д., Лебаев Ф.Р. / Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған. – 2-бөлім. – Алматы: Атамұра, - 2020.
3. Джандосова З.А. / Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған. – Алматы: Мектеп, - 2019.